

«Қаратаусай ЖОББМ» КММ-нің 14.08. 2024 жылғы №1 кезектен тыс педагогикалық кеңесінің хаттамасы

14.08. 2024 жыл.

Қаратаусай ауылы

Күн тәртібі:

1. «Қаратаусай ЖОББМ» КММ-нің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмысын бағалау туралы /А.Б. Биктемиров/

ТЫҢДАЛДЫ:

-мектеп директоры А.Б. Биктемиров Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына қосымша «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» әдістемелік ұсынымы басшылыққа ала отырып мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылатындығын атап өтті:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база;

Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауға ұсынылатын білім беру қызметтерінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына талдау жолымен жүзеге асырылады:


- 1) Оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
- 3) Білім алушылардың және тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне;
- 4) Оқу мерзіміне сәйкестігін талдау;
- 5) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітіген стандарттарының талаптарына сәйкестігін зерделеу кезінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы жүргізу болатын. Ағымдағы жылдың 02 қыркүйек пен 21 қыркүйек аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу үшін 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» пайдаланылады.

Мектеп қызметін өзін-өзі бағалау жұмысын өткізу бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңесте шешім қабылдады:

### ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау нұсқаулығына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту үшін «Қаратаусай ЖОББМ» КММ-нің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілсін.
2. «Қаратаусай ЖОББМ» КММ-нің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының мерзімі 2024 жылдың 02 қыркүйек пен 21 қыркүйек аралығы болып бекітілсін.
3. Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия құрылсын.
4. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім беру ұйымы көрсететін қызметінің жалпыға міндетті білім беру стандарт талабына сәйкестігі анықталсын.
5. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу кезінде комиссия мүшелеріне зерделеудің нақты бағыттары бойынша тапсырмалар бөлініп, жоспар құрылып бекітілсін.

Пед. кеңес төрағасы:  А.Б. Биктемиров

Хатшысы:  А.У. Мукашева

